

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Алаяқтарға алданып қалмаңыздар!

БЖЗК өз салымшылары мен алушыларына алаяқтардың әлеуметтік желілерде жалған ақпарат таратуының жиілеп кеткен жағдайлары туралы хабарлайды.

Жалған делдалдар өздерін Қордың қызметкерлері ретінде таныстырып, зейнеткерлерге ақысын төлесе, зейнетақы жинақтарының 50% кез-келген мақсатта жұмсауға алып беруді ұсынууда. Бұл ақпарат "жалған" және шындыққа сәйкес келмейді!

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Республикасының заңнамасында зейнеткерлердің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған өздерінің зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында пайдалануы:

➤ егер зейнетақы мөлшері алушының орташа айлық табысын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен белгіленетін 40 пайыздан төмен емес деңгейдегі алмастыру коэффициентімен қамтамасыз етсе көзделген. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті оператордан алғашқы электрондық хабарламаны алған күні салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауға тиіс.

Осыған байланысты БЖЗК әлеуметтік желілерде және басқа да ақпарат көздерінде таратылып жүрген, жоғарыда аталған шарттарды ескермей, ақылы түрде жинақтардың 50% алу мүмкіндігі туралы хабарламаларды елемеуге қатаң кеңес береді!

Маңызды! БЖЗК жүргізетін барлық операциялар тегін жасалады!

БЖЗК үшінші тұлғаларға хабарласпауды және ақпаратты тек enpf.kz ресми сайтынан немесе Қордың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан ғана тексеріп, көз жеткізген дұрыс екенін ескертеді.

Кез келген ақыл-кеңесті БЖЗК бөлімшелерінен немесе байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу арқылы көп арналы тегін байланыс арқылы қашықтан, сондай-ақ, "Одноклассники", Telegram, "Facebook", "В контакте", "Twitter" және "Instagram" сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp көмегімен тегін алуға болады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі салымшылар (алушылар) үшін +7 (727) 356-10-60 нөмірі бойынша немесе Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған "Онлайн қоңырау шалу" сервисі арқылы кеңес алу мүмкіндігінің бар екенін де ескертеміз.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).